



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 009

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА АКТ–НЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Сулейменова Жанна Сагидуллина
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог–шебер
Астана қаласы әкімдігінің «72 мектеп–лицей»
шаруашылық жүргізу құқығындағы ММК
Астана қаласы, Қазақстан
E–mail: Sagidulaevna.1976@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі мен әдебиеті сабағында инновациялық әдістерді пайдаланудың жолдары талданды. Келешек қоғамымыздың мүшелері–жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру тиімділігі сараланды.

Тірек сөздер: ақпараттық, құралдар, тиімділік, қолдану, технология.

Аннотация

В статье рассматриваются способы использования инновационных методов на уроках казахского языка и литературы в общеобразовательной школе. Проанализирована эффективность формирования информационной культуры у молодежи–членов нашего будущего общества.

Ключевые слова: информация, инструменты, эффективность, применение, технология.

Annotation

The article discusses the ways of using innovative methods in the lessons of the Kazakh language and literature in a secondary school. The effectiveness of the formation of information culture among young people–members of our future society is analyzed.

Key words: information, tools, efficiency, application, technology.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8–тарауында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [1] деп атап көрсетілген. Сол себепті білім беру саласында қызмет ететін барлық оқытушылар бүгінгі таңда АКТ технологиясына бет бұрып, оны оқу үдерісінде белсене пайдалану үстінде.

АКТ–ның басты мақсаты–оқушыны қазіргі заман сұранысына сай, дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан – жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу, анығырақ айтар болсақ, оқушыны ақпараттық қоғамға бейімдеу. АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ізденімпаздыққа, ұқыптылыққа, нақтылыққа, дәлдікке, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аударабілуге баулиды, сондай–ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке өмірін, іс–әрекеті мен әр қадамын алдын–ала және дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешімді жедел түрде қабылдай алуға дағдыландырады [3, б. 45–49].

Қазіргі уақыт кез–келген мұғалімінің АКТ–ны жиі пайдалануын талап етуде. Барлық техникалар – компьютер, ноутбук, электронды оқулықтар, видеопроектор, ұялы телефон, планшет, ауқымды ақпаратты сақтағыш құрылғылар, интербелсенді тақта, фотоаппарат, интернет, т.б. мұғалімге де, оқушыға да сапалы білімге қол жеткізуге көмектесетін аса қажет дүние. АКТ–ны қолдануда оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін көрнекілік термен құралдарды бір қалыптылықты пайдаланбай, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін алмастырып отыру аса қажет. Ақпараттық технологияларды пайдаланғанда баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағыттау басты назарда болуы тиіс.

Мемлекеттік тілді мектеп қабырғасында оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан – жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Осы ретте, тәжірибеге сүйенсек, қазақ тілі мен әдебиеті сабағына видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді, интерактивті тақта мен мультимедиалық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер береді. Кез келген сабағын қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін бұл жымасқ ағида.

«Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз» қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Ұстаздың өзі ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын.

Өзіміздің әрбір сабағымызда осы озық технологияларды пайдалануымыз жақсы нәтижелер беріп келеді. Кез келген сабағымызда тақырып бойынша «қандай жаңалықтар шығуда, қандай

жұмыстар атқарылуда» арқылы бастау дәстүрге айналады. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызықтытуінің кепілі.

Сабақт әсіресе жиі қолданатыным бұл–интерактивті тақта. Интерактивтік тақтаны қазақ тілі сабағында көру диктант, терме диктант, естесактау диктанттарын, сөйлемдерді талдау жұмыстарында тиімді қолдануға болады. Қазақ тіліне арналған электронды оқулықтарды пайдалану оқушыларға қызықты да, ұтымды болып отыр.

Ақпараттандырудың негізгі міндеттерінің бірі–мектепте компьютерді оқыту құралы ретінде қолдану: оның мүмкіндіктерін жаңа материалды баяндауды білімді виртуальды өмірге қолдану, үйрету бағдарламаларын қолдану арқылы виртуальды зертханалық жұмыстарды жүргізу, баяндалған материалды бекіту (тренинг), интернет технологияларды қолдану.

Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін компьютерді пайдалану тиімді («репетитор», энциклопедия типті бағдарламалар), бақылау және білімдіт ексеру бағдарламалары (бақылау тестілері).

Өздігінен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты–берілген материалдарды түсіну, қалыптастыру, жұмысының маңызын ұқтыру. Сабақта компьютер оқушылардың өздік жұмысын тез және қарқынды түрде ұйымдастыруға көмектеседі. Оқушыларға әртүрлі дамытушылық еңгейлік тапсырмаларды өз бетінше орындауға болады [4, б. 51–52].

Электрондық оқулықтар бойынша оқушылар тапсырманы қызыға орындайды, пәнге қызығушылығы артады, оқу материалын тереңірек меңгеруге талпынады. Сонымен қатар өз қатесін өзі табады және өзін–өзі бағалауға үйренеді. Электрондық оқулықта өте көп көрнекілік материалдар қамтылады. Бұл көрнекіліктердің дидактикалық мәнін ашады. Мұндай көрнекіліктердің бәрін кәдімгі оқулықта беру мүмкін емес [2, б. 14–22].

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты – оқу үрдісін және толық деңгейінбақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту. Білім берудің кез келгенсаласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігінарттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызады. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласындағы оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жыл жумүмкін емес. Қазіргі уақытта электрондық оқулықтың құрылысы сапалы және жаңа деңгейде болуы тиіс. Электронды оқулықтың ең қажет элементі аудиохабарлар болып табылады. Инновациялық білім беруқұралдары, аудио, видеоқұралдары компьютер, интерактивтік тақта, Интернет, компьютер мультимедиалық құралдар, электрондық оқулықтарымен оқуәдістемелік кешен, медиатека, инновациялық веб–сайт және т.б. [5, б. 37]. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген веб–қосымшалар, интерактивтік бағдарламалық өнімдер, қозғалмалы нысандар құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық бағдарламалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда.

– Оқу деңгейі төмен оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебібалаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Компьютер арқылы оқытумынадайміндеттерді қамтиды:

- оқушылардыңкомпьютерліксауаттылығынашу;
- оқыту–тәрбиелеуүрдісіндегі ақпараттықалмасусипатынайқындау;
- дайынбағдарламалардықолданабілушеберлігінарттыру;
- сұранысбойыншаақпараталу;
- интернеттараптарындаберілгенпәнбойыншатапсырмаларменжаттығуларорындау;
- пәнбойыншаәрдеңгейдетестжұмыстарынұйымдастыру;
- сабақтақырыбынабайланыстыақпараткөздерінтабу;
- тақырыптықжобалардайындау;
- электрондысөздіктердіқолдану;
- электрондыпоштаарқылыхаталмасу;
- аудио,бейнематериалдарқолдану.

Жаңа технологиялар дәуірі оқушыларға қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады [5, б. 38].

Өз басым қазақ тілінде емес сыныптарда қазақ тілі пәнінің мұғалімі ретінде ақпараттық технологияларды қолданып оқытудың түрлі бағдарламаларын пайдаланып, күнделікті сабақтардың тақырыбына сай ақпаратты қолдандым. Солардың ішінде bilimland.kz (онлайнмектеп) – бұл платформа қазіргі қашықтан оқыту жағдайында ең тиімді платформалардың бірі болып саналады. Себебі, қолдану шыға түсінікті етіп жасалған және қолдануға байланысты бейне нұсқаулықтар берілген. Сондай–ақ, мектеп оқушыларының 1–11 сыныптарына бағдарлама бойынша берілген тақырыптарға сай бейне сабақтармен деңгейлік тапсырмалар ұсынылған. Оқушылар кез келген уақытта кіріп,

тапсырмаларды орындағаннан кейін бірден өз ұпайынкөре алады. Мұғалім кесте бойынша өз сабақтарын осы платформамен тікелей бейнесабақ арқылы өткізе алады.

Сонымен қатар, қолданушыға тиімді және функциялары күрделі емес интернет–платформаларында жұмыс жүргізу қажеттілігі туындады. Осы орайда, Google платформасын қолдану оқытушы үшін де, оқушы үшін де оңтайлы бірден бір платформа ретінде қарастыруға болады. Мен үшін тәжірибе жүзінде жұмыс жасауға арналған қолайлы әрі ыңғайлы плафторма осы google meet болды. Неліктен?

1. Тегін платформа
2. Бұл платформаға кезкелген гаджет арқылық іруге мүмкіндік бар
3. Оқушылармен кері байланыс ұпай арқылы және жеке коментариймен беріледі, сонымен қатар мұғалім тарапынан белгілі бір тапсырмаға шектеу уақытын қоя алады.
4. Goggle қосымшалары мен (күнтізбе, аударма сөздік, электрондық оқулықтар, видео конфееренциялар) қолдануға болады. [5, б. 39].

Мәтінмен жұмыс жасағанда, мәтіндегі қажетті ақпаратты тауып (іздеу– қарау), оқыған мәтініне өз пікірін айта алуына мүмкіндік жасаймын. Пәнаралық байланыс, тілдің дайындығын дамыту, жұппен жұмыс түрлерін жиі қолдану оқушылардың көрген–білгені жайында, белгілі бір тақырып, суреттер бойынша пікірін хабарлай, суреттей білуге үйренетінін көруге болады. Оқушылардың тілдік құбылыстарды, құрылымдарды түйсінуін, анат ілін шет тілімен салыстыруға дағдыландырады.

Оқушылар, мұғалімдер интернет талаптарында берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды почта (@mail), телекоференция (usenet), бейне–конференция, анықтама каталогтар, жүйеде сөйлесу (chat), виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатыса алады. Сонымен бірге белгілі бір уақытта мәтіндік хабарла–малар мен алмасуға, радио бағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни ақпараттың кез келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар. Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі интеративтік іздеу жүйелері мен өз бетімен іздеу, сондай–ақ алынған материалдарды түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салу мен т.б. сол сияқты интернет артықшылық көздері пайдаланылады.

Қорыта келе, мынадай тұжырым жасағым келеді: ХХІ ғасыр мұғалімі қазіргі кездесабақта жұмыс істеу үшін қалам немесе борды қолданып, ақпараттық технологияларды игеріп, сабақ әдістемесін жетілдіру үшін алған білімдері мен дағдыларын шебер қолдана отырып, компьютерлік технологияны қалайқ олдануды үйренуі керек. Мұғалім үшін компьютер сән–салтанат емес, бұл – қажеттілік.

Қазақ тілі сабағында АКТ–ны пайдалану–оқуға деген қызығушылықты арттырудың бір жолы. Бұл осы пәнді оқуға деген қызығушылықты оятады және кез–келген кезеңде жаттығудағы сәттіліктің маңызды факторы болып табылады. Бірақ компьютер ешқашан мұғалімді алмастырмайды, бұл тек оқытудың сапасымен бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін тиімді көмекші. Әрине, АКТ–ны қолдану қазақ тілін оқытудағы барлық мәселелерді шешуге көмектеседі деп дау айтуға болмайды, бірақ бүгінде мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылық артып келеді деп сеніммен айта аламыз. Біз компьютерлік заманда өмір сүреміз және бұл үшін әр түрлі маманды қиелері, соның ішінде мұғалімдер, компьютерлік сауаттылық және технологиялық білім қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 ж.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015, №5, 14–22 б.
3. Уахиева Жазира Қусаиновна АКТ–ні тиімді пайдаоану сапалы білім беру жолы // Қазақ тілі мен әдебиеті оқыту: мәселелері және бүгінгі күн ерекше ұстанымдары, жинақ 2020 жыл. Астана 45–49 б.
4. А.Әлімов Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Алматы, 2009, 51–52 б.
5. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. 2011. №4. 25 б.